Әділет

**"Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын азаматтығы жоқ адамдарға куәліктер және шетелдіктерге тұруға ықтиярхаттар беру", "Шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарды тіркеу және оларға Қазақстан Республикасында тұрақты тұруға рұқсат беру", "Қазақстан Республикасының азаматтығын қабылдауды және одан шығуды тіркеу" және "Қазақстан Республикасында босқын мәртебесін беру және ұзарту" мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттарын бекіту туралы**

***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 19 ақпандағы № 111 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 12 қазандағы № 821 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 12.10.2015 № 821 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

РҚАО-ның ескертпесі.

ҚР мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы өкілеттіктердің аражігін ажырату мәселелері бойынша 2014 жылғы 29 қыркүйектегі № 239-V ҚРЗ Заңына сәйкес ҚР Ішкі министрінің 2015 жылғы 7 сәуірдегі № 315 бұйрығын қараңыз.

«Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы 6-бабының 3) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Қоса беріліп отырған:

1) «Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын азаматтығы жоқ адамдарға куәліктер және шетелдіктерге тұруға ықтиярхаттар беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты;

2) «Шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарды тіркеу және оларға Қазақстан Республикасында тұрақты тұруға рұқсат беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты;

3) «Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылдауды және одан шығуды тіркеу» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты;

4) «Қазақстан Республикасында босқын мәртебесін беру және ұзарту» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты бекітілсін.

2. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір

шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі С. Ахметов*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 19 ақпандағы № 111 қаулысымен бекітілген

**«Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын азаматтығы жоқ адамдарға куәліктер мен шетелдіктерге тұруға ықтиярхаттар беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты**

## 1. Жалпы ережелер

1. «Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын азаматтығы жоқ адамдарға куәліктер мен шетелдіктерге тұруға ықтиярхаттар беру» мемлекеттік көрсетілетін қызметі (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет).

2. Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің стандартын Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) әзірлеген.

3. Мемлекеттік қызметті Министрліктің аумақтық көші-қон полициясының бөлімшелері (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

## 2. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі

4. Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімдері:

1) қажетті құжаттардың топтамасын тапсырған сәттен бастап – күнтізбелік 30 (отыз) күн;

2) құжаттарды тапсыру үшін рұқсат етілетін ең ұзақ күту уақыты – 30 (отыз) минут;

3) көрсетілетін қызметті алушыға рұқсат етілетін ең ұзақ қызмет көрсету уақыты – 30 (отыз) минут.

5. Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны: қағаз түрінде.

6. Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі – азаматтығы жоқ адамның куәлігі және шетелдіктің Қазақстан Республикасында тұруға ықтиярхаты.

7. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет ақылы болып табылады. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет үшін мемлекеттік баж алынады, ол «Салық және бюджетке

төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 540-бабына сәйкес:

азаматтығы жоқ адамның куәлігін ресімдеу кезінде - мемлекеттік баж төленген күнге белгіленген айлық есептік көрсеткіш мөлшерінің 400 пайызын;

шетелдіктің Қазақстан Республикасында тұруға ықтиярхатын ресімдеу кезінде - мемлекеттік баж төленген күнге белгіленген айлық есептік көрсеткіш мөлшерінің 20 пайызын құрайды.

Мемлекеттік баж төлемнің мөлшері мен күнін растайтын құжат (түбіртек) беретін Қазақстан Республикасының банктік мекемелері арқылы төленеді.

8. Көрсетілетін қызметті берушінің жұмыс кестесі – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін, түскі асқа үзіліс сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін.

Мемлекеттік көрсетілетін қызмет алдын ала жазылусыз және жеделдетіп қызмет көрсетусіз кезек тәртібімен көрсетіледі.

9. Көрсетілетін қызметті алушы жеке өзі жүгінген кезде мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті құжаттардың тізбесі:

1) азаматтығы жоқ адамның куәлігін ресімдеу үшін:

тұрғылықты жерінен мекенжай анықтамасы;

мемлекеттік бажды төлегені туралы құжат;

өлшемі 3,5 х 4,5 сантиметр үш фотосурет;

мына құжаттардың бірі:

жарамдылық мерзімі аяқталған шетелдік паспорт;

азаматтығы жоқ адамның куәлігі;

1974 жылғы үлгідегі (бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағының) паспорты;

әскери билет;

бас бостандығынан айыру орындарынан босатылғаны туралы анықтама;

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы бойынша Қазақстан Республикасының азаматтығынан шығу және азаматтығын өзгерту, сондай-ақ Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарға сәйкес азаматтықты өзгерту туралы анықтама;

туу туралы куәлік (он алты жасқа дейінгі адамдарға ресімдеу кезінде);

Қазақстан Республикасының шетелдердегі мекемелері беретін оралуға куәлік (шетелде уақытша жүрген азаматтығы жоқ адамның куәлігі жоғалған кезде);

2) шетелдіктің Қазақстан Республикасында тұруға ықтиярхатын ресімдеу үшін:

тұрғылықты жерінен мекенжай анықтамасы;

мемлекеттік баждың төленгені туралы құжат;

өлшемі 3,5 х 4,5 сантиметр үш фотосурет;
жарамды ұлттық паспорт.

Көрсетілетін қызметті алушы қажетті құжаттарды ұсынғаннан кейін осы мемлекеттік қызмет стандартына қосымшаға сәйкес формуляр ресімделеді.

## 3. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды тұлғаларының шешімдеріне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

10. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды тұлғаларының шешімдеріне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану: шағым осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 13-тармағында көрсетілген мекенжай бойынша көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрлік басшысының атына беріледі.

Шағымдар пошта арқылы жазбаша нысанда немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда электрондық түрде не көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің кеңсесі арқылы жұмыс күндері қолма-қол беріледі.

Шағымда көрсетілетін қызметті алушы оның тегін, атын, әкесінің атын, пошталық мекенжайын, шығыс нөмірін және күнін көрсетеді. Шағымға көрсетілетін қызметті алушы қол қоюы тиіс.

Қабылданған шағым ішкі істер органдарының жеке және заңды тұлғалардың шағымдары мен өтініштерін есепке алу журналдарында тіркеледі. Шағымның қабылданғанын растайтын құжат күні мен уақыты, шағымды/өтінішті қабылдаған адамның тегі және аты-жөні, сондай-ақ берілген шағымға жауап алу мерзімі мен орны және шағымды қарау барысы туралы білуге болатын лауазымды тұлғалардың байланыс деректері көрсетілген талон болып табылады.

Көрсетілетін қызметті берушінің атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде қарауға жатады. Шағымды қарау нәтижелері туралы дәлелді жауап қызметті алушыға пошта бойынша не көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің кеңсесі арқылы қолма-қол беріледі.

Мемлекеттік көрсетілген қызметтің нәтижелерімен келіспеген жағдайда көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметтерді көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға шағыммен өтініш білдіре алады.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап он бес жұмыс күні ішінде қаралады.

11. Көрсетілген мемлекеттік қызметтің нәтижелерімен келіспеген

жағдайларда көрсетілетін қызметті алушының Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа жүгінуге құқығы бар.

## 4. Мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктері ескерілген өзге де талаптар

12. Мүмкіндіктері шектеулі көрсетілетін қызметті алушылар көрсетілетін қызметті берушіге жүгінген кезде мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктері:

1) дене мүмкіндіктері шектеулі көрсетілетін қызметті алушыларға қызмет көрсету үшін жағдайлар көзделген, ғимараттарға кіру пандустармен жабдықталған, күтуге арналған креслолар бар;

2) денсаулық жағдайына байланысты қызметті берушіге жеке өзі келу мүмкіндігі жоқ көрсетілетін қызметті алушылардан мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті құжаттарды қабылдауды көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушының тіркелген жері бойынша шыға отырып жүргізеді.

13. Мемлекеттік қызметті көрсету орындарының мекенжайлары Министрліктің www.mvd.gov.kz интернет-ресурсында: «Ішкі істер органдарының қызметі туралы» бөлімде орналастырылған.

14. Қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты қашықтықтан қолжетімділік режимінде Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс-орталығының телефоны бойынша, көрсетілетін қызметті берушінің анықтама қызметтерінің телефондары бойынша алу мүмкіндігі бар.

15. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері жөніндегі анықтама қызметтердің байланыс телефондары www.mvd.gov.kz интернет-ресурсында көрсетілген. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс-орталығы: 1414.

«Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын азаматтығы жоқ адамдарға куәлік пен шетелдіктерге тұруға ықтиярхат беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына қосымша


ПАСПОРТ ЖЕКЕ КУӘЛІК АЛУҒА АРНАЛҒАН ӨТІНІШ
ЗАЯВЛЕНИЕ НА ВЫДАЧУ ПАСПОРТА УДОСТОВЕРЕНИЯ ЛИЧНОСТИ
1 ПАСПОРТ, ЖЕКЕ КУӘЛІГІ БЕРІЛЕДІ
ПАСПОРТ, УДОСТОВЕРЕНИЕ ЛИЧНОСТИ ВЫДАЕТСЯ
2 ТЕГІ/ФАМИЛИЯ
3 АТЫ/ИМЯ
4 ӘКЕСІНІҢ АТЫ/ОТЧЕСТВО
5 ТҰРМЫСҚА ШЫҚҚАНҒА ДЕЙІНГІ (БҰРЫНҒЫ) ТЕГІ ДЕВИЧЬЯ/ПРЕЖНЯЯ ФАМИЛИЯ
6 ТУҒАН КҮНІ, АЙЫ, ЖЫЛЫ ДАТА РОЖДЕНИЯ
7 ЖЫНЫСЫ/ПОЛ ЕР/МУЖСКОЙ - 1 ӘЙЕЛ/ЖЕНСКИЙ - 2
8 ҰЛТЫ/НАЦИОНАЛЬНОСТЬ
9 ПАСПОРТ (ЖЕКЕ КУӘЛІГІ) БЕРІЛГЕН НЕГІЗІ / ПАСПОРТ (УДОСТОВЕРЕНИЕ) ВЫДАТЬ НА ОСНОВАНИИ
10 БЕРІЛГЕН КҮНІ/ДАТА ВЫДАЧИ
11 БЕРГЕН МЕКЕМЕ/ОРГАН ВЫДАЧИ
12 ТУҒАН ЖЕРІ/МЕСТО РОЖДЕНИЯ
ЕЛ/СТРАНА
АВТОНОМИЯЛЫ РЕСПУБЛИКА, ӨЛКЕ, ОБЛЫС АВТОНОМНАЯ РЕСПУБЛИКА, КРАЙ, ОБЛАСТЬ
АУДАН/РАЙОН
ЕЛДІ МЕКЕН/НАСЕЛЕННЫЙ ПУНКТ
13 ТҰРҒЫЛЫҚТЫ ЖЕРІ/МЕСТО ЖИТЕЛЬСТВА
ЕЛ/СТРАНА
ОБЛЫС/ОБЛАСТЬ
АУДАН/РАЙОН
ЕЛДІ МЕКЕН/НАСЕЛЕННЫЙ ПУНКТ
ЕЛДІҢ ОРНАЛАСҚАН МЕКЕНІ/ РАЙОН НАСЕЛЕННОГО ПУНКТА
КӨШЕ/УЛИЦА
ҮЙ/ДОМ КОРПУС ПӘТЕР КВАРТИРА ТЕЛЕФОН
КЕЛУ МЕРЗІМІ/ДАТА ПРИБЫТИЯ
14 БҰРЫНҒЫ ТҰРҒАН ЖЕРІ/ПРЕЖНЕЕ МЕСТО ЖИТЕЛЬСТВА
ҚАЙ ЕЛДЕН КЕЛДІ/ИЗ КАКОЙ СТРАНЫ ПРИБЫЛ
АВТОНОМИЯЛЫ РЕСПУБЛИКА, ӨЛКЕ, ОБЛЫС/ АВТОНОМНАЯ РЕСПУБЛИКА, КРАЙ, ОБЛАСТЬ
АУДАН/РАЙОН
ЕЛДІ МЕКЕН/НАСЕЛЕННЫЙ ПУНКТ
ЕЛДІҢ ОРНАЛАСҚАН МЕКЕНІ/ РАЙОН НАСЕЛЕННОГО ПУНКТА
КӨШЕ/УЛИЦА
ҮЙ/ДОМ КОРПУС ПӘТЕР КВАРТИРА
КЕТУ МЕРЗІМІ/ДАТА УБЫТИЯ
15 БҰРЫН ҚАЙ ЕЛДІҢ АЗАМАТТЫҒЫНДА ТҰРҒАН РАНЕЕ СОСТОЯЛ В ГРАЖДАНСТВЕ
СУРЕТ ФОТО
АЗАМАТТЫҢ ҚОЛЫ/ПОДПИСЬ ГРАЖДАНИНА
СУРЕТ ҚАЛТАСЫ КАРМАН ДЛЯ ФОТО
ӨТІНІШ ҚАБЫЛДАНҒАН КҮН ДАТА ПРИНЯТИЯ ЗАЯВЛЕНИЯ
ПАСПОРТ, ЖЕКЕ КУӘЛІГІН АЛУҒА АРНАЛҒАН ТҮБІРТЕК/КВИТАНЦИЯ НА ПОЛУЧЕНИЕ:
ӨТІНІШ/ЗАЯВЛЕНИЕ № 14565082
ПАСПОРТА УДОСТОВЕРЕНИЯ ЛИЧНОСТИ
АЗАМАТ ГРАЖДАНИН/КА/
ТЕГІ/ФАМИЛИЯ АТЫ/ИМЯ ӘКЕСІНІҢ АТЫ/ОТЧЕСТВО
ПАСПОРТ/ЖЕКЕ КУӘЛІГІН АЛУҒА АРНАЛҒАН ӨТІНІШ ҚАБЫЛДАНДЫ ЖӘНЕ ТЕҢГЕ АЛЫНДЫ
ПРИНЯТО ЗАЯВЛЕНИЕ НА ВЫДАЧУ ПАСПОРТА/УДОСТОВЕРЕНИЯ ЛИЧНОСТИ И ПОЛУЧЕНО
ТЕҢГЕ СОМАСЫ/СУММА
ӨТІНІШ ҚАБЫЛДАНҒАН КҮН ДАТА ПРИНЯТИЯ ЗАЯВЛЕНИЯ
ӨЗ ҚОЛЫ/ПОДПИСЬ ҚЫЗМЕТКЕРДІҢ ТЕГІ/ФАМИЛИЯ СОТРУДНИКА
16 ОТБАСЫ ЖАҒДАЙЫ СЕМЕЙНОЕ ПОЛОЖЕНИЕ
ЗАЙЫБЫНЫҢ ТЕГІ/ФАМИЛИЯ СУПРУГА
ТҰРМЫСҚА ШЫҚҚАНҒА ДЕЙІНГІ (БҰРЫНҒЫ) ТЕГІ ДЕВИЧЬЯ/ПРЕЖНЯЯ ФАМИЛИЯ
17 16 ЖАСҚА ТОЛМАҒАН БАЛАЛАР/ДЕТИ ДО 16 ЛЕТ
ТЕГІ/ФАМИЛИЯ
АТЫ/ИМЯ
ӘКЕСІНІҢ АТЫ/ОТЧЕСТВО
ТУҒАН КҮНІ, АЙЫ, ЖЫЛЫ ДАТА РОЖДЕНИЯ
ҚОСЫМША МӘЛІМЕТТЕР ҮШІН ДЛЯ ДОПОЛНИТЕЛЬНОЙ ИНФОРМАЦИИ

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2014 жылғы 19 ақпандағы
№ 111 қаулысымен
бекітілген

**«Шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарды тіркеу және оларға Қазақстан Республикасында тұрақты тұруға рұқсат беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты**

## 1. Жалпы ережелер

1. «Шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарды тіркеу және оларға Қазақстан Республикасында тұрақты тұруға рұқсат беру» мемлекеттік көрсетілетін қызметі (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет).

2. Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің стандартын Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) әзірлеген.

3. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті Министрліктің аумақтық көші-қон полициясының бөлімшелері (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

## 2. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі

4. Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімдері:

1) қажетті құжаттардың топтамасын тапсырған сәттен бастап – күнтізбелік 60 (алпыс) күн;

2) құжаттарды тапсыру үшін рұқсат етілетін ең ұзақ күту уақыты – 30 (отыз) минут;

3) көрсетілетін қызметті алушыға рұқсат етілетін ең ұзақ қызмет көрсету уақыты – 30 (отыз) минут.

5. Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны: қағаз түрінде.

6. Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі – осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасында тұрақты тұруға рұқсат (бұдан әрі – рұқсат) және болжанатын тұрғылықты жері бойынша тіркеу.

7. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет ақылы болып табылады. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет үшін «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 540-бабына сәйкес мемлекеттік баж алынады, ол мемлекеттік баж төлену күніне белгіленген айлық есептік көрсеткіш мөлшерінің 10 пайызын құрайды.

Мемлекеттік баж төлемнің мөлшері мен күнін растайтын құжат (түбіртек) беретін Қазақстан Республикасының банктік мекемелері арқылы төленеді.

8. Көрсетілетін қызметті берушінің жұмыс кестесі – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін, түскі асқа үзіліс сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін.

Қабылдау алдын ала жазылусыз және жеделдетіп қызмет көрсетусіз кезек тәртібімен жүзеге асырылады.

9. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін қызметті алушы осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өз қолымен мемлекеттік немесе орыс тілінде толтырылған Қазақстан Республикасында тұрақты тұруға рұқсат беру туралы өтініш (бұдан әрі – өтініш) береді.

Он алты жасқа толмаған немесе әрекетке қабілетсіз болып табылатын көрсетілетін қызметті алушының өтінішін ата-анасының бірі немесе заңды өкілі береді.

Өтінішке мынадай құжаттар қоса беріледі:

1) ұлттық паспорттың көшірмесі және түпнұсқасы, азаматтығы жоқ адамның құжаты, өтініш беру күніне олардың жарамдылық мерзімі күнтізбелік 180 (бір жүз сексен) күннен артық болуы тиіс;

бірлескен қолдаухат беру кезінде: баланың туу туралы куәлігінің немесе 16 жасқа толмаған баланың жеке басын куәландыратын басқа құжаттың көшірмесі және түпнұсқасы;

2) Қазақстан Республикасында болудың заңдылығын растайтын құжаттың көшірмесі;

3) оның азаматтығы мемлекетінің жазбаша келісімі ретінде болуы мүмкін кету парағы не шетелге тұрақты тұру үшін шығуға рұқсатты растайтын басқа құжат (босқындар деп танылған немесе Қазақстан Республикасында баспана берілген шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарды қоспағанда);

4) өзінің төлем қабілеттілігін растау туралы құжат.

Оралмандардан, Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасында немесе Қазақстан Республикасында туған немесе бұрын азаматтығында болған бұрынғы отандастардан, сондай-ақ Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарының негізінде Қазақстан Республикасының азаматтығын жеңілдетілген тәртіппен алу құқығы бар адамдар және бірге келген олардың отбасы мүшелерінен төлем қабілеттілігін растау туралы құжат талап етілмейді;

5) азаматтығы тиесілі және (немесе) тұрақты тұратын мемлекетіндегі соттылығы (соттылығының жоқтығы) туралы құжат;

6) 14-тен 16 жасқа дейінгі баланың Қазақстан Республикасында тұрақты тұруға нотариалды куәландырылған келісімі;

7) арыз берушіге баспана ұсыну туралы жеке немесе заңды тұлғамен шарт не шетелдіктің не азаматтығы жоқ адамның тұруына және тұрақты тіркеу есебіне қоюға нотариалды расталған келісім;

8) Қазақстан Республикасының медициналық мекемесі берген медициналық куәландыру туралы анықтама;

9) өлшемі 35х45 мм 4 фотосурет (фотосурет арыз берушінің жасына сәйкес болуы және қатаң түрде жарық жерде алдынан түсірілуі және адамның беті фотосуреттің жалпы алаңының 75%-ға жуығын алуы тиіс);

10) Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын Қазақстан Республикасының азаматтарымен некеде тұратындар неке туралы куәліктің көшірмесін және жұбайының (зайыбының) жеке басын куәландыратын құжатты ұсынады.

10. Мыналар:

1) заңсыз келген, сондай-ақ қылмыс жасағаны үшін өздері шыққан елдердің заңнамасы бойынша қудалаудағы;

2) сотталғанға дейін тұрақты тұратын жері Қазақстан Республикасының шегінен тыс болған, бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған;

3) адамзатқа қарсы қылмыс жасаған;

4) оралмандарды, Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасында немесе

Қазақстан Республикасында туған немесе бұрын оның азаматтығында тұрған бұрынғы отандастарды, сондай-ақ Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарының негізінде Қазақстан Республикасының азаматтығын жеңілдетілген тәртіппен алу құқығы бар адамдар мен олардың отбасы мүшелерін қоспағанда, Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен және мөлшерлерде өзінің төлем қабілеттілігін растауды ұсынбаған;

5) шетелдіктердің Қазақстан Республикасындағы құқықтық жағдайы туралы заңнаманы бұзған;

6) ұлтаралық және діни араздықты тұтандыратын;

7) әрекеттері конституциялық құрылысты күштеп өзгертуге бағытталған;

8) Қазақстан Республикасының егемендігі мен тәуелсіздігіне қарсы шыққан, оның аумағының бірлігі мен тұтастығын бұзуға шақырған;

9) террористік қызметі, ауыр немесе аса ауыр қылмысы үшін соттылығы бар;

10) Қазақстан Республикасында тұрақты тұруға рұқсат ету туралы өтінішпен жүгінген кезде жалған құжаттар ұсынған не өзі туралы жалған мәліметтер хабарлаған немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мерзімдерде қажетті құжаттарды дәлелсіз себептермен ұсынбаған;

11) Қазақстан Республикасында тұрақты тұруға рұқсат беру сәтінде Қазақстан Республикасынан бес жылдың ішінде шығарылған;

12) егер бұл Қазақстан Республикасы азаматтарының және басқа адамдардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау үшін қажет болса;

13) Қазақстан Республикасынан уақытша шыққан және Қазақстан Республикасына қайтып оралудың өздері мәлімдеген мерзімнен кейін алты ай өткен соң оралмаған;

14) егер бұл неке соттың заңды күшіне енген шешімімен жарамсыз болып танылған жағдайда, тұруға ыхтиярхатты алу үшін негіз болған Қазақстан Республикасының азаматтарымен некеге отырған;

15) Қазақстан Республикасына кіру үшін қарсы көрсетілім болып табылатын аурулары бар қызметті алушыға мемлекеттік көрсетілетін қызметтен бас тарту үшін негіз болып табылады.

## 3. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды тұлғаларының шешімдеріне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

11. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды тұлғаларының шешімдеріне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану: шағым осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 14-тармағында көрсетілген мекенжай бойынша көрсетілетін

қызметті берушінің немесе Министрлік басшысының атына беріледі.

Шағымдар пошта арқылы жазбаша нысанда немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда электрондық түрде не көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің кеңсесі арқылы қолма-қол жұмыс күндері беріледі.

Шағымда көрсетілетін қызметті алушы оның тегін, атын, әкесінің атын, пошталық мекенжайын, шығыс нөмірін және күнін көрсетеді. Шағымға көрсетілетін қызметті алушы қол қоюы тиіс.

Қабылданған шағым ішкі істер органдарының жеке және заңды тұлғалардың шағымдары мен өтініштерін есепке алу журналдарында тіркеледі. Шағымның қабылданғанын растайтын құжат күні мен уақыты, шағымды/өтінішті қабылдаған адамның тегі және аты-жөні, сондай-ақ берілген шағымға жауап алу мерзімі мен орны және шағымды қарау барысы туралы білуге болатын лауазымды тұлғалардың байланыс деректері көрсетілген талон болып табылады.

Көрсетілетін қызметті берушінің атына келіп түскен қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде қарауға жатады. Шағымды қарау нәтижелері туралы дәлелді жауап көрсетілетін қызметті алушыға пошта бойынша не көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің кеңсесі арқылы қолма-қол беріледі.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижелерімен келіспеген жағдайда көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік көрсетілетін қызмет сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға шағыммен өтініш білдіре алады.

Мемлекеттік көрсетілетін қызмет сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап он бес жұмыс күні ішінде қаралады.

12. Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижелерімен келіспеген жағдайларда қызметті алушының Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа жүгінуге құқығы бар.

## 4. Мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктері ескерілген өзге де талаптар

13. Мүмкіндіктері шектеулі көрсетілетін қызметті алушылар көрсетілетін қызметті берушіге жүгінген кезде мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктері: ғимараттарға кіру пандустармен жабдықталған, күтуге арналған креслолар бар.

14. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет орындарының мекенжайлары Министрліктің www.mvd.gov.kz интернет-ресурсында «Ішкі істер органдарының қызметі туралы» бөлімде орналастырылған.

15. Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі мен

мәртебесі туралы ақпаратты қашықтықтан қолжетімділік режимінде Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс-орталығы арқылы алу мүмкіндігі бар.

16. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері жөніндегі анықтама қызметтерінің байланыс телефондары www.mvd.gov.kz интернет-ресурсында көрсетілген. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс-орталығы: 1414.

«Шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарды тіркеу және Қазақстан Республикасында тұрақты тұруға рұқсат беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1-қосымша

нысан

––––––––––––––––––––––––––––––––
––––––––––––––––––––––––––––––––
_________________________________ Арыз берушінің Т.А.Ә,
(ІІД, ІІБ бөлінісінің атауы) болатын жерінің мекенжайы

**Қазақстан Республикасында тұрақты тұруға рұқсат/не рұқсат беруден бас тарту**

Сізге
____________________________________________________________________
(шешім қабылдаған орган, шешім қабылданған күн
____________________________________________________________________
және нөмірі көрсетілсін)
__________________________________________________________ шешімімен
(заңның бабы, бөлігі, тармағы көрсетілсін)
Қазақстан Республикасында тұрақты тұруға рұқсат етілгенін/рұқсат беруден бас тартылғанын/тұруға ықтияpхаттың жарамдылық мерзімі ұзартылғанын хабарлаймын (қажет емесі сызылсын)

Тұруға ықтиярхатты ресімдеу/тұруға ықтиярхаттың жарамдылық мерзімін ұзарту үшін Сізге
____________________________________________________________________
(ІІД, ІІБ мекенжайы, қабылдау күндері
____________________________________________________________________
және қабылдау сағаттары, қызметкердің Т.А.Ә.)
______________________________________________ өтініш білдіру қажет.

ІІД, ІІБ көші-қон полициясы бөлінісінің (бөлімінің, бөлімшесінің) бастығы

_________________________________________ ______________________

(арнаулы атағы, тегі, аты-жөні) (қолы)

20__ жылғы «___» _______________________ М.О.

«Шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарды тіркеу және Қазақстан Республикасында тұрақты тұруға рұқсат беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына
2-қосымша
нысан

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА ТҰРАҚТЫ ТҰРУҒА РҰҚСАТ БЕРУ ТУРАЛЫ ӨТІНІШ

________________________________________________________________________

(ішкі істер органының (ІІД, ІІБ, АІІБ) атауы)

Тіркеу нөмірі _______________________________________________________

(уәкілетті лауазымды адам толтырады)

Фотосуреттің орны

(35 х 45 мм)

Маған және/немесе менің ұлыма, менің қызыма, менің асырап алған балама/менің қамқорлығым (қорғаншылығым) белгіленген балаға/мемлекеттің қамқорлығындағы балаға (қажет емесі сызылсын) Қазақстан Республикасында тұрақты тұруға рұқсат беруді сұраймын. 20__ жылғы «___» _______ бастап 20__ жылғы «___» ________ дейін __________________________ мекенжайы бойынша Қазақстан Республикасында уақытша тіркелгенмін.

Осы өтінішпен жүгінуге себеп болған уәждер ________________________________________________________________________
________________________________________________________________________

### Өтініш беруші туралы мәліметтер

1. Тегі, аты (аттары), әкесінің аты (егер бар болса) _________________
________________________________________________________________________

(тегін, атын, әкесінің атын өзгерткен жағдайда бұрынғы тегін, атын,

әкесінің атын,

______________________________________________________________________

өзгерту себебі мен күнін көрсетсін, жеке басын куәландыратын құжатқа сәйкес тегі мен аты орыс және)

______________________________________________________________________

(латын алфавиттерінің әріптерімен жазылады)

2. Туған күні, айы, жылы және жері ___________________________________

______________________________________________________________________

3. Қазіргі уақытта қандай шет мемлекеттің азаматтығы (тиесілігі) бар (бұрын болды ма) ____________________________________________

______________________________________________________________________

(қайда, қашан және қандай негізде алынды, айырылды)

4. Жынысы ____________________________________________________________

(ер, әйел)

5. Жеке басын куәландыратын құжат ____________________________________

(құжаттың нөмірі және сериясы, кім

______________________________________________________________________

және қашан берді)

6. Ұлты ______________________________________________________________

(қалауы бойынша көрсетіледі)

7. Діни нанымы _______________________________________________________

(қалауы бойынша көрсетіледі)

8. Қазақстан Республикасының аумағында тудыңыз ба және КСРО азаматтығында тұрдыңыз ба немесе Қазақстан Республикасының аумағында тудыңыз (қажет емесі сызылсын) ____________________________________

(көрсетілген мәліметтерді растайтын құжат)

9. Қазақстан Республикасының азаматтығында тұрған еңбекке жарамсыз ата-анаңыз бар ма ___________________________________________________

(тегі, аты, әкесінің аты, туған күні,

______________________________________________________________________

еңбекке жарамсыздығын растайтын құжат)

10. Қазақстан Республикасында тұрақты тұруға рұқсат және тұруға ықтиярхат беру туралы бұрын өтінішпен жүгіндіңіз бе

______________________________________________________________________

(егер иә болса, қашан және қандай органға, қандай шешім қабылданды)

11. Отбасы жағдайы ___________________________________________________

(үйленген (тұрмыста), бойдақ (тұрмысқа шықпаған),

______________________________________________________________________

ажырасқан, неке қию (бұзу) туралы куәлік, берілген күні және орны)

12. Кәмелеттік жасқа толмаған (оның ішінде асырап алынған, қамқорындағы, қарамағындағы) балаларын қоса алғанда, Қазақстан Республикасының аумағында уақытша тіркеуі бар отбасы мүшелері:

| Өтініш берушіге қатысы | Тегі, аты, әкесінің аты | Туған жылы және жері | Азаматтығы (тиесілігі ) | Тұратын, оқитын жерінің мекенжайы | Жұмыс о |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | |

13. Оқуын қоса алғанда, еңбек қызметі туралы мәліметтер:

| Күні (айы және жылы) | Мекемені көрсете отырып лауазымы, жұмысқа қабылдануы, жұмыстан шығуы | Жұмыс орныны мекенжайы |
|---|---|---|
| | | |
| | | |

14. Өтініш берген күннің алдындағы жылғы 1 қаңтар – 31 желтоқсан аралығындағы табысының түрі және көлемі

| | | |
|---|---|---|
| 1 | Табыс түрі | |
| 2 | Табысының көлемі (теңгемен, шетелдік валютамен) | |
| 3 | Негізгі жұмыс орны бойынша табысы | |
| 4 | Өзге де қызметтен табысы | |
| 5 | Банктегі салымынан табысы | |
| 6 | Бағалы қағаздадан және коммерциялық ұйымдарда қатысу үлесінен табысы | |
| 7 | Зейнетақысы, стипендиясы және өзге әлеуметтік төлемдері немесе табысы ( қандай екені көрсетілсін) | |

15. Жеке сәйкестендіру нөмірі (егер бар болса) ____________________________________________________________

(куәлігінің нөмірі, берген күні мен орны, оны берген органның атауы)

16. Сіз Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге әкімшілік елден шығаруға не болмаса өтініш берудің алдында бес жыл ішінде елден қууға ұшырадыңыз ба ____________________________________________

(егер ұшырасаңыз, неше рет және қашан)

17. Сіз ауыр немесе аса ауыр қылмыс не болмаса қауіпті деп танылған қылмысты қайта жасағаныңыз үшін заңды күшіне енген сот үкімімен сотталдыңыз ба ____________________________________________

(егер сотталсаңыз,

____________________________________________________________

неше рет және қашан)

18. Қазақстан Республикасының аумағында не болмаса одан тыс жерлерде ауыр немесе аса ауыр қылмыс жасағаныңыз үшін жабылмаған немесе алынбаған соттылығыңыз бар ма ____________________________________

(егер болса, неше рет және қашан)

____________________________________________________________

19. Шетелдіктердің Қазақстан Республикасында болу (тұру) режимін қамтамасыз ету бөлігінде Қазақстан Республикасының заңнамасын

бұзғаныңыз үшін әкімшілік жауапкершілікке тартылдыңыз ба ___________________________________________________________

(егер тартылсаңыз, неше рет және қашан)

20. Адамның иммунитеті тапшылығы вирусымен туындайтын аурумен, нашақорлықпен, айналадағылар үшін қауіпті болып табылатын жұқпалы аурумен ауырмайсыз ба ___________________________________________

(егер ауырсаңыз, нақты қайсысымен)

___________________________________________________________

21. Ата-анасы Қазақстан Республикасында тұрақты тұруға қалдыру туралы рұқсат алған кезде жазылатын/дербес рұқсат алатын бала туралы мәлімет (тегі, аты, әкесінің аты, туған күні мен жері, азаматтығы) ___________________________________________________________

Көрсетілген балалардың басқа ата-анасы туралы мәлімет (тегі, аты, әкесінің аты, туған күні, азаматтығы, тұрғылықты жері) ______________

22. Уақытша тұратын жерінің мекенжайы, телефоны _____________________

___________________________________________________________

___________________________________________________________

Өтінішпен бірге мынадай құжаттар ұсынамын:

___________________________________________________________

___________________________________________________________

___________________________________________________________

Маған Қазақстан Республикасында тұрақты тұруға «Халықтың көші-қоны туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 49-бабымен көзделген жағдайларда рұқсат беруден бас тартылуы не болмаса берілген тұруға ықтиярхаттың күші жойылуы мүмкін екені туралы ескертілді. Ұсынылған құжаттардың түпнұсқалығын және жазылған мәліметтердің шынайылығын растаймын.

20__ жылғы «___» __________________________.

_______________________ ____________________________________________

(өтініш берлген күні) (өтініш берушінің қолы, лауазымды адам болған кезде қойылады)

20__ жылғы «___» _________________________ өтініш қарауға қабылданды.

Өтініштің толтырылғанының дұрыстығын және қажетті құжаттардың бар-жоғын тексердім, өтінішке мен болған кезде қол қойылды, өтініш берушінің қолының түпнұсқалығын растаймын ___________________________

(арнайы атағы (егер бар болса),

___________________________________________________________

құжатты қабылдаған уәкілетті лауазымды адамның лауазымы, тегі, аты-жөні)

___________________________

(лауазымды адамның қолы)

Өтініш қысқартуларсыз, аббревиатураларсыз, түзетулерсіз және шимайсыз қолмен немесе техникалық құралдарды (жазу машинкалары, компьютерлер) пайдалана отырып толтырылады.

Сұрақтарға жауап жан-жақты болуы тиіс. Қолмен орындалған мәтін түсінікті болуы тиіс.

Өтінішті қабылдаған көші-қон полициясы бөлінісінің мөртабаны қойылады.

Осы тармақты толтырған кезде мекемелердің атауы өтініш беруші сонда жұмыс істеген кезеңде қалай аталса солай аталуы тиіс.

Егер өтініш беруші заңды тұлғаның білімінсіз кәсіпкер болып табылса, онда тіркеу туралы туралы куәліктің нөмірі, тіркеген органның атауы және берілген орны көрсетіледі.

Егер өтініш берушіге зейнетақы тағайындалса, зейнетақы түрі, зейнетақы куәлігінің нөмірі, оны кім және қашан бергені көрсетіледі.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 19 ақпандағы № 111 қаулысымен бекітілген

## «Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылдауды және одан шығуды тіркеу» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты

### 1. Жалпы ережелер

1. «Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылдауды және одан шығуды тіркеу» мемлекеттік көрсетілетін қызметі (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет).

2. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) әзірлеген.

3. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті Министрліктің аумақтық көші-қон полициясының бөлімшелері (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

### 2. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі

4. Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімдері:

1) қажетті құжаттардың топтамасын тапсырған сәттен бастап – 6 (алты) ай,

жеңілдетілген тәртіппен – 3 (үш) ай;

2) құжаттарды тапсыру үшін рұқсат етілетін ең ұзақ күту уақыты – 30 (отыз) минут;

3) көрсетілетін қызметті алушыға рұқсат етілетін ең ұзақ қызмет көрсету уақыты – 30 (отыз) минут.

5. Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны: қағаз түрінде.

6. Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі:

1) осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылдау туралы анықтама;

2) осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Қазақстан Республикасының азаматтығынан шығу туралы анықтама.

7. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет ақылы болып табылады. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет үшін мемлекеттік баж алынады, ол «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 538-бабына сәйкес мемлекеттік баж төлеу күніне белгіленген айлық есептік көрсеткіш мөлшерінен 100 пайызды құрайды.

Мемлекеттік баж төлемнің мөлшері мен күнін растайтын құжат (түбіртек) беретін Қазақстан Республикасының банктік мекемелері арқылы төленеді.

8. Көрсетілетін қызметті берушінің жұмыс кестесі – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін, түскі асқа үзіліс сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін.

Мемлекеттік көрсетілетін қызмет алдын ала жазылусыз және жеделдетіп қызмет көрсетусіз кезек тәртібімен көрсетіледі.

9. Көрсетілетін қызметті алушы жүгінген кезде мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті құжаттардың тізбесі:

1) Қазақстан Республикасының азаматтығын қабылдау үшін:

азаматтыққа қабылдау туралы арыз;

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша сауалнама-арыз;

өлшемі 3,5 х 4,5 см төрт фотосурет;

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша міндеттеме;

соттылығының болуы не жоқтығы туралы анықтама;

мемлекеттік бажды төлегені немесе оны төлеуден босатылғаны туралы құжат;

басқа мемлекеттің құзырлы органы берген азаматтығының жоқтығы немесе бұрынғы азаматтығының тоқтатылғаны туралы анықтама.

Аталған құжаттармен қатар:

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 5-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылдаудың жеңілдетілген тәртібі белгіленген адамдар үшін кәсіптер мен талаптар тізбесінің талаптарына жауап беретін адамдар;

Қазақстан Республикасына тарихи отаны ретінде тұрақты тұру үшін оралған адамдар – оралман куәлігі және бұрынғы азаматтығынан бас тарту туралы арыз;

Қазақстан Республикасына тұрақты тұру мақсатында келген, Қазақстан Республикасында тұрған мерзіміне қарамастан, Қазақстан Республикасының азаматтары – жақын туысқандарының бірі: баласы (оның ішінде асырап алған), жұбайы (зайыбы), ата-анасының (асырап алушының) бірі, апасы, қарындасы, сіңлісі, ағасы, інісі, атасы немесе әжесі бар бұрынғы одақтас республикалардың азаматтары Қазақстан Республикасының азаматтарымен туыстық дәрежесін куәландыратын құжаттарды (туу туралы куәлік, неке туралы куәлік) ұсынады.

Құжаттарды тапсырғаннан кейін көрсетілген қызметті алушыға осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 6-қосымшаға сәйкес анықтама беріледі;

2) Қазақстан Республикасының азаматтығынан шығу үшін:

қазақстандық азаматтықтан шығу туралы арыз;

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 7-қосымшаға сәйкес сауалнама-арыз;

өлшемі 3,5 х 4,5 см үш фотосурет;

балалардың туу туралы және неке куәліктерінің көшірмелері;

әскерге шақырылатын жастағы адамды мерзімді әскери қызмет өткеруден босату туралы қорғаныс істері жөніндегі аумақтық департаменттен анықтама;

жұмыс, оқу орнынан, ал жұмыс істемейтіндер – Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Сот актілерін орындау жөніндегі комитетінің аумақтық органынан адамның мемлекет алдында орындалмаған міндеттемелерінің не азаматтардың, мемлекеттік органдардың және меншік нысанына қарамастан ұйымдардың мүдделеріне байланысты мүліктік міндеттерінің болуы немесе жоқ екені туралы анықтама;

мемлекеттік баждың төленгені немесе оны төлеуден босатылғаны туралы құжат.

10. Мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту негіздері:

Егер көрсетілетін қызметті алушы:

1) халықаралық құқықта көзделген адамзатқа қарсы қылмыс жасаған, Қазақстан Республикасының егемендігі мен тәуелсіздігіне саналы түрде қарсы шыққан;

2) Қазақстан Республикасы аумағының бірлігі мен тұтастығын бұзуға

шақырған;

3) Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігіне, халқының денсаулығына нұқсан келтіретін құқыққа қарсы қызметті жүзеге асырған;

4) мемлекетаралық, ұлтаралық және діни араздықты қоздырған, Қазақстан Республикасы мемлекеттік тілінің қолданылуына қарсы әрекет жасаған;

5) террористік және экстремистік ұйымдардың құрамында тұрған немесе террористік қызмет үшін сотталған;

6) халықаралық іздестіруде жүрген, соттың күшіне енген үкімі бойынша жаза өтеп жатқан не оның әрекеттерін сот ерекше қауіпті рецидив деп таныған;

7) басқа мемлекеттердің азаматтығында тұрған;

8) Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылдау туралы өтініш берген кезде өзі туралы жалған мәліметтерді хабарлаған немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мерзімдерде қажетті құжаттарды дәлелді себептерсіз ұсынбаған;

9) Қазақстан Республикасының аумағында немесе одан тыс жерлерде Қазақстан Республикасының заңнамасында қасақана деп танылатын қылмыс жасағаны үшін алынбаған немесе өтелмеген соттылығы болған;

10) Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылдау туралы арызбен өтініш бергенге дейін бес жыл ішінде экономика және (немесе) Қазақстан Республикасының халықтың көші-қоны туралы заңнамасы саласында құқық бұзушылық жасаған;

11) Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылдау туралы арызбен өтініш бергенге дейін бес жыл ішінде Қазақстан Республикасының азаматтығын жоғалтқан болса, Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылдаудан;

Егер көрсетілетін қызметті алушы:

1) Қазақстан Республикасының алдында орындалмаған міндеттемелері немесе азаматтардың немесе Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан кәсіпорындардың, мекемелер мен ұйымдардың, қоғамдық бірлестіктердің елеулі мүдделерімен байланысты мүліктік міндеттері болған;

2) айыпталушы ретінде қылмыстық жауапкершілікке тартылған не соттың күшіне енген үкімі бойынша жасасын өтеп жатқан болса немесе егер Қазақстан Республикасының азаматтығынан шығу Қазақстан Республикасының мемлекеттік қауіпсіздігінің мүдделеріне қайшы келсе, Қазақстан Республикасының азаматтығынан шығарудан бас тартылады.

## 3. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

11. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды тұлғаларының шешімдеріне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану: шағым осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 14-тармағында көрсетілген мекенжай бойынша көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрлік басшысының атына беріледі.
Шағымдар пошта арқылы жазбаша нысанда немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда электрондық түрде не көрсетілетін қызметті берушінің, немесе Министрліктің кеңсесі арқылы жұмыс күндері қолма-қол беріледі.
Шағымда көрсетілетін қызметті алушы оның тегін, атын, әкесінің атын, почталық мекенжайын, шығыс нөмірін және күнін көрсетеді. Шағымға көрсетілетін қызметті алушы қол қоюы тиіс.
Қабылданған шағым ішкі істер органдарының жеке және заңды тұлғалардың шағымдары мен өтініштерін есепке алу журналдарында тіркеледі. Шағымның қабылданғанын растайтын құжат күні мен уақыты, шағымды/өтінішті қабылдаған адамның тегі және аты-жөні, сондай-ақ берілген шағымға жауап алу мерзімі мен орны және шағымды қарау барысы туралы білуге болатын лауазымды тұлғалардың байланыс деректері көрсетілген талон болып табылады.
Көрсетілетін қызметті берушінің атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде қарауға жатады. Шағымды қарау нәтижелері туралы дәлелді жауап көрсетілетін қызметті алушыға пошта бойынша не көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің кеңсесі арқылы қолма-қол беріледі.
Мемлекеттік көрсетілген қызметтің нәтижелерімен келіспеген жағдайда көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметтерді көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға шағыммен өтініш білдіре алады.
Мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап он бес жұмыс күні ішінде қаралады .

12. Мемлекеттік көрсетілген қызметтің нәтижелерімен келіспеген жағдайларда көрсетілетін қызметті алушының Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа жүгінуге құқығы бар.

## 4. Мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктері ескерілген өзге де талаптар

13. Мүмкіндіктері шектеулі көрсетілетін қызметті алушылар қызметті берушіге жүгінген кезде мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктері:

ғимараттарға кіру пандустармен жабдықталған, күтуге арналған креслолар бар.

14. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет орындарының мекенжайлары Министрліктің www.mvd.gov.kz интернет-ресурсында «Ішкі істер органдарының қызметі туралы» бөлімде орналастырылған.

15. Көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік көрсетілетін қызмет тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты қашықтан қолжетімділік режимінде Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер мәселелері бойынша бірыңғай байланыс-орталығы арқылы алуға мүмкіндігі бар.

16. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері жөніндегі анықтама қызметтерінің байланыс телефондары www.mvd.gov.kz интернет-ресурсында көрсетілген. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс-орталығы: 1414.

«Қазақстан Республикасының азаматтығын қабылдауды және одан шығуды тіркеу» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1-қосымша

| |
|---|
| Фотосуреттің орны<br>Место для фотокарточки |

**№ _____ анықтама**

**Справка № _____**

Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігін (паспортын) алу үшін берілді

Выдана для получения удостоверения личности (паспорта) гражданина Республики Казахстан

Тегі ________________________________________

Фамилия

Аты ________________________________________

Имя

Әкесінің аты ________________________________

Отчество

Туылған күні ________________________________

Дата рождения

20__ жылғы «___» _______________ № _____ Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығына, халықаралық келісімге, «ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АЗАМАТТЫҒЫ ТУРАЛЫ» ҚР ЗАҢЫНЫҢ 16-1-БАБЫНА сәйкес Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылданды.

В соответствии с Указом Президента Республики Казахстан, международным Соглашением, СО СТАТЬЕЙ 16-1 ЗАКОНА РК «О ГРАЖДАНСТВЕ РЕСПУБЛИКИ») № _____ «___» _________ 20__ года принят в гражданство Республики Казахстан.

Онымен бірге ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АЗАМАТТЫҒЫНА ___ _ _ _ _ _ _ _ _

______________________________________________________________________

______________________________________________________________________

балалар қабылданды.

Вместе с ним (ней) ПРИНЯТЫ В ГРАЖДАНСТВО РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН дети:

______________________________________________________________________

ІІД КҚПБ Бастығы ___________________

Начальник УМП ДВД (қолы-подпись)

М.О.

М.П.

**№ _____ анықтаманың түбіршегі**

**Корешок справки № _____**

Тегі ______________________________________________________

Фамилия

Аты _______________________________________________________

Имя

Әкесінің аты ______________________________________________

Отчество

Туылған күн _______________________________________________

Дата рождения

Бұрынғы азаматтығы ________________________________________

Прежнее гражданство

20__ жылғы «___» _________ № _____ Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығына, халықаралық келісімге, «ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АЗАМАТТЫҒЫ ТУРАЛЫ» ҚР ЗАҢЫНЫҢ 16-1-БАБЫНА сәйкес Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылданды.

В соответствии с Указом Президента Республики Казахстан,

международным Соглашением, СО СТАТЬЕЙ 16-1 ЗАКОНА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН «О ГРАЖДАНСТВЕ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН») № ___ «___» _________ 20__ года принят в гражданство Республики Казахстан.
Инспектор ____________________________________________________________
(қолы-подпись)
Хабарламаны алдым, шетелдік паспортты тапсырдым ____________________
Извещение получил, иностранный паспорт сдал (қолы-подпись)
20__ ж. «___» ____________
«___» ____________ 20__ г.
М.О.
М.П.

«Қазақстан Республикасының азаматтығын қабылдауды және одан шығуды тіркеу» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 2-қосымша

20__ ж. г. «___» __________
№ ________________________

**Анықтама**
**Справка**

Выдана ____________________________________________________________
____________________________________________________________________
____________________________________________________________ берілді.
туылған жылы-год рождения
Қазақстан Республикасы Президентінің 20__ жылғы «___» _______________ Жарлығына сәйкес оған және оның кәмелетке толмаған балаларына: В том, что ему (ей) и его (ее) несовершеннолетним детям:
____________________________________________________________________
____________________________________________________________________
____________________________________________________________________
Қазақстан Республикасының азаматтығынан шығуларына рұқсат берілді. В соответствии с Указом Президента Республики Казахстан № ___________ «___» ____________ 20__ года разрешен выход из гражданства Республики Казахстан.
________________________________________ облысы ІІД КҚПБ бастығы
Начальник УМП ДВД ____________________________________ области
М.О.
М.П.

«Қазақстан Республикасының азаматтығын қабылдауды және одан шығуды тіркеу» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 3-қосымша

________________________________________________________

(көші-қон полициясының аумақтық бөлінісінің атауы)

________________________________________________________

Тіркеу нөмірі ________________________________________

(лауазымды адам толтырады)

Ф о т о с у р е т к е арналған орын[1]

М.О.[2]

## Сауалнама-өтініш[3]

Мені Қазақстан Республикасының азаматтығына жалпы, жеңілдетілген тәртіппен қабылдауды немесе Қазақстан Республикасының азаматтығын қалпына келтіруді сұраймын (керексізін сызып тастаңыз).

Осы өтінішпен жүгінуге ықпал еткен себептер. ________________________________________________________________________

________________________________________________________________________

| | |
|---|---|
